ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 желтоқсан № 4360-24-00-2/3053 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
сот отырысының хатшылығында Г.Таженованың отыруымен, ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы бейне-дыбыстық жазба жүргізумен, қойылған талап бойынша электрондық форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ОПС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшы өкілі А.Акжанова
жауапкер өкілі А.Ташимбетов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 9 қыркүйекте тараптар арасында тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №82 шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 3.1-тармағы мен шарттың №1,2 қосымшасына сәйкес жауапкер «Қызылорда қаласындағы Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі ғимаратының қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын» 19 875 520 теңгеге, шарт күшіне енген күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде аяқтауға міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп

тану, тұрақсыздық айыбын өндіру, жұмыстарды аяқтауды міндеттеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір жолдамаған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап арызын қолдап, талап қоюдағы уәждерін айтып, қазрігі таңда жұмыстарды аяқтауды міндеттеу бөлігін қараусыз қалдыруды сұрайтындығын, ал талаптың қалған бөлігін қолдайтындығын көрсетті.

Жауапкер өкілі сотта талаппен келісетіндігін, серіктестіктің қаржылық қиындықтарына байланысты шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмағандарын, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

Прокурор талап қою толығымен қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды айтты.

Талаптың жұмыстарды аяқтауды міндеттеу бөлігі бөлек ұйғарыммен қараусыз қалдырылды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының (ары қарай-Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Азаматтық істі қарау барысында анықталғандай, жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған. Яғни мектеп ғимаратының қас бетін жөндеу жұмыстары мүлдем жүргізімеген.

Сондықтан сот талап қоюшының талабы шартпен, шарттың №1, №2 қосымшаларымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыс қызы А., 19.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Әбілқайыс қызы А., 21.01.2025
4360-24-3-1/3195

№2 талап бойынша.

АК-ның 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамауына байланысты 516 764 теңге айыппұл соммасын есептеген.

Сондықтан сот жауапкердің міндеттемені орындамауымен көрінген кінәлілік дәрежесіне баға беріп, талап қоюшы мен жауапкердің назар аударуға лайықты мүдделерін ескеріп, жауапкерден мемлекет кірісіне 516 764 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп тапты.

АПК-ның 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толығымен қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ОПС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ОПС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 516 764 (бес жүз он алты мың жеті жүз алпыс төрт) теңге тұрақсыздық айыбы мен 17 349 (он жеті мың үш жүз қырық тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 19.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Әбілқайыскызы А., 21.01.2025

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 19.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Әбілқайысқызы А., 21.01.2025

4360-24-3-1/3195